2021 жылдан бастап Қазақстанда қуғын-сүргінге ұшырағандар тарихын зерттеу жөніндегі өңірлік комиссиялар тарапынан белгілі бір жұмыстар атқарылғанын атап өткен жөн. Атап айтқанда, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақстандық әскери тұтқындар тарихына қатысты Мемлекеттік комиссияның қызметі аясында бірқатар іргелі құжаттық жинақтар жарық көрді. Бұл қатарда VIII том – «Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақстандық әскери тұтқындар» (Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі комиссия, 2022: 199), IX том – «Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақстандық әскери тұтқындар. Ақмола облысы» (Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі комиссия, 2022: 631), X том – «Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақстандық әскери тұтқындар. Солтүстік Қазақстан облысы» (Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі комиссия, 2022: 648) атты басылымдарды атауға болады. IX томда «Справка о дислокации немецских лагерей для военнопленных в период Отечественной войне» (Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары, 2022: 24) ақпаратында 546 лагерьдің тізімі көрсетілген. Нәтижиелер бөлімінде талданған лагерьлерге атауы мен орналасқаан жері осы тізімге сай келеді. Алайда соңғы екі жинақта негізінен тек жекелеген өңірлерден шыққан әскери тұтқындардың персоналдық мәліметтері қамтылып, олардың тұтқындағы және тұтқыннан босатылғаннан кейінгі тағдырының тарихи қырлары туралы мәліметтер жоқ. Атап айтқанда, әскери тұтқындардың фашистік лагерьлерде болған кезеңі, олардың тұрмыс-тіршілігі, лагерьлік режимнің сипаты, босатылғаннан кейінгі әлеуметтік жағдайы мен тағдыры жүйелі түрде талданбаған. Жалпы алғанда, қазақстандық әскери тұтқындардың тағдыр тарихы әлі де толыққанды зерттелді деп айту қиын. Бүгінгі күні олардың накты саны, тұтқынға түсу жағдайлары мен себептері, фашистік концлагерьлердегі өмір сүру ерекшеліктері, тұтқындар арасындағы өлім-жітім деңгейі мен оның динамикасы, қаза болу себептері, әскери тұтқындардың бір лагерьден екіншісіне ауыстырылу механизмдері, сондай-ақ қашу әрекеттері мен олардың нәтижелері сияқты маңызды мәселелер жеткілікті түрде айқындалмаған. Осыған байланысты аталған бағыттағы зерттеулерді кеңейту, архивтік деректерді кешенді түрде тарту және пәнаралық әдістерді қолдану қазақстандық әскери тұтқындар тарихын терең әрі жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.

**Нәтижиелер**

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы адам тағдырының ең күрделі мәселелерінің бірі – «тұтқындар» тақырыбы болып саналады. Бұл тақырыпты жалпы адамзаттық тұрғыдан, соғыстың тасада қалған өмірін ескере отырып қарау қажеттілігі туындайды. Архивтік құжаттарды зерттеу нәтижесінде концлагерлердегі тұтқындардың жеке істері туралы нақты мәліметтер анықталып, олардың тарихи және деректанулық маңызы бағаланды. Төменде қазақстандық әскери тұтқындарының жеке картотекаларын қарастырдық.

Әскери тұтқынның жеке картотекасы. Лагерьдегі нөмірі: №15358. Лагерь: 316 17 деп көрсетілген. Әскери бөлім: 158 Y.R




Сурет1 – РФ ҚМОА. Қ.58. Т. 977521. Іс.1133. https://pamyat-naroda.ru/ Абитов П.А. жеке картотекасы
[Figure 1 – CAMD RF. F. 58. In. 977521. C. 1133. https://pamyat-naroda.ru/ Abitov P.A., personal card index]

Жеке картотекасы бойынша Аты-жөні: Абитов Пердали Абитович. Туған жылы мен орны: 1920 жыл, Джаркамес (Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылы) Діні: Ислам. Әкесінің аты: Абит. Ұлты: қазақ. Kas деп қысқартылған неміс тіліндегі Kasackh. Дәрежесі: солдат. Түскен (орны және кезеңі) Белосток. 30.6.41. Фото: жоқ. Саусақ ізі: бар: оң қолының көрсеткіш саусағы. Арнайы белгілері: жоқ. Әскери тұтқынының тұратын елінде хабарланатын адамның аты-жөні мен мекенжайы: Анасы: Садикова Булде. Джаркамес. Байғанин ауд. Ақтөбе облысы. Память народа сайтында қайтыс болған жылы 28.5.1942 жыл. Жерленген жері: Солтүстік казарма (Ченстохова). Қабірі 7095. Ұсталған жері Белосток болғанымен, картада көрсетілгендей Лагерь 316 деп тұр. Память народа сайтында Шталаг 316 деп жазылған. Бұл Седлец қаласындағы «Шталаг 316» лагері болуы мүмкін.

«Сообщение чрезвычайной государственной комиссии по установлению и расследованию злодеяний немецко-фашистских захватчиков и их сообщников» 1948 жылғы алғашқы зерттеулерде (Жинақ, 1948: 46) Комиссия жұмысы Демблин қамалы «фронтшталаг №307» және Седлец қ. орналасқан «Шталаг № 316», «Шталаг № 333» лагерлерінде «немецко-фашистские захватчики в течение 1941–1942 годов путем голода, истязаний, расстрелов и отравления, а также путем сознательного распространения инфекционных заболеваний зверски истребили более 132 тысяч советских военнопленных» (Жинақ, 1948: 4)

Комиссия мәліметтері бойынша, 1941–1942 жылдар аралығында аталған лагерьлерде неміс-фашистік басқыншылар кеңестік әскери тұтқындарға қарсы жүйелі түрде қылмыстық саясат жүргізген. Аштыққа ұшырату, азаптау, ату, улау және жұқпалы ауруларды әдейі тарату арқылы 132 мыңнан астам кеңестік әскери тұтқынның қаза тапқаны көрсетіледі. Бұл дерек әскери тұтқындардың жаппай қырылуы кездейсоқ немесе жекелеген фактілердің жиынтығы емес, нацистік биліктің алдын ала ойластырылған және мақсатты түрде жүзеге асырылған саясаты болғанын дәлелдейді.

Аталған құжаттың ғылыми маңыздылығы бірнеше қырынан көрінеді. Біріншіден, комиссия жұмысы нақты географиялық нысандарды (Демблин, Седлец және ондағы лагерьлер) айқындап, қылмыстардың орын алған жерін дәл көрсетеді. Екіншіден, тұтқындардың қаза болу себептері кешенді түрде сипатталып, медициналық сараптамалар, эксгумация нәтижелері және куәгерлердің айғақтары арқылы расталады. Үшіншіден, бұл материалдар Нюрнберг процесі шеңберінде және кейінгі халықаралық құқықтық бағалау үшін маңызды деректік база қалыптастырды.

Сонымен бірге, Төтенше мемлекеттік комиссияның материалдары кеңестік тарихнаманың бастапқы кезеңінде әскери тұтқындар мәселесін зерттеуге негіз болғанымен, идеологиялық шектеулерге байланысты тұтқындардың ұлттық құрамы мен жеке тағдырлары терең талданбады. Қазақстаннан шыққан әскери тұтқындар бұл құжаттарда көбіне «кеңестік әскери тұтқындар» ұғымы аясында ғана қарастырылды. Осы тұрғыдан алғанда, комиссия

материалдары бүгінгі таңда қазақстандық әскери тұтқындардың Польша аумағындағы концлагерьлерде болғанын дәлелдейтін маңызды дереккөз ретінде қайта қарауды және ұлттық аспект тұрғысынан жаңаша талдауды қажет етеді.

1948 жылғы Төтенше мемлекеттік комиссияның хабарламасы Польша аумағындағы лагерьлерде кеңестік әскери тұтқындарға қарсы жасалған қылмыстардың ауқымын айқындаған алғашқы жүйелі зерттеу болып табылады. Бұл құжат қазіргі тарих ғылымы үшін тек деректік маңызға ие ғана емес, сонымен қатар Екінші дүниежүзілік соғыс тарихындағы «ақтаңдақ» беттерді, оның ішінде қазақстандық әскери тұтқындардың тағдырын қайта зерделеуге негіз болатын маңызды ғылыми бастау болып саналады. Германия концлагерьлері тек Польша территориясын қамтыған жоқ, сонымен қатар Беларусь, Латвия, Украина, Ресей және Балтық елдерінің аумағында да орналасты.

Әскери тұтқынның жеке картотекасы. Лагерьдегі нөмірі: №20019. Лагерь: 20 1 43.



Сурет 2 – РФ ҚМОА. Қ.58. Т.977521. Іс.1133 https://pamyat-naroda.ru/ Абдельденов А. Жеке картотекасы
[Figure 2 – CAMD RF. F. 58. In. 977521. C. 1133. https://pamyat-naroda.ru/ Abdeldenov A., personal card index]

РФ Қорғаныс министрлігінің Орталық архивінен сілтеме жасалған «Память народа» ақпараттық базасында сақталған мәліметтер Қазақстан азаматтарының Беларусь аумағындағы нацистік концлагерьлерде болғанын дәлелдейді. Солардың бірі – қазақ азаматы Абдельденов Ахембай, Леснянский өлім лагерінде (шталаг № 337) тұтқында болған әскери қызметші. Картотекалық деректерге сәйкес, Абдельденов Ахембай 1895 жылғы 15 желтоқсанда Алматы қаласында дүниеге келген. Діни сенімі – ислам (магомед), ұлты – қазақ, азаматтығы – КСРО. Әскери дәрежесі – солдат. Ол 1942 жылғы 4 қыркүйекте Смоленск қаласында тұтқынға түскен. Бұл дерек кеңестік әскердің батыс бағыттағы ауыр шайқастарымен және жаппай тұтқынға түсу үдерісімен сәйкес келеді. Картотекада тұтқынның жеке антропологиялық белгілері көрсетілген: бойы – 160 см, шашының түсі – қара, денсаулығы – «жақсы» деп сипатталған. Фотосурет тіркелмеген, бұл нацистік лагерь құжаттарында жиі кездесетін жағдай. Сондай-ақ әскери тұтқынның туған-туыстарына хабарлау үшін көрсетілген мекенжайы – Алматы округі, Сарқан ауданы. Бұл дерек оның Қазақстан аумағымен нақты әлеуметтік байланысын айқындайды. Картотеканың келесі бетінде Абдельденов Ахембайдың 1943 жылғы 18 маусымда қайтыс болғаны көрсетілген. Өлім себебі жалпы түрде «тұтқында қайтыс болды» деп белгіленген, бұл нацистік лагерь құжаттарына тән формальды тұжырым болып табылады

және нақты себептердің (аштық, ауру, ауыр еңбек, жазалау шаралары) көрсетілмеуімен сипатталады. Лагерь атауы ретінде құжатта шталаг №337 көрсетілген. Тарихи деректерге сүйенсек, бұл – Беларусь аумағында орналасқан Леснянский өлім лагері, онда 1941–1944 жылдары ондаған мың кеңестік әскери тұтқындар мен бейбіт тұрғындар қаза тапқан. Абдельденов Ахембайдың тағдыры аталған лагерьдегі қазақстандық әскери тұтқындардың трагедиясын нақты дерек арқылы айқындайды. Осы картотекалық материал Қазақстаннан шыққан әскери тұтқындардың жеке тағдырларын қалпына келтіруде аса маңызды дерек көзі болып табылады. Мұндай құжаттар қазақстандық әскери тұтқындардың тарихын дербес зерттеу қажеттігін көрсетіп, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы тарихи жадты жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Сайтта Лагерь атауын Шталаг 337 деп жазылған. Ақпараттарға сүйенсек бұл лагерь Леснянский өлім лагері (шталаг № 337) –Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941–1944) неміс-фашистік басқыншылар тарапынан кеңестік әскери тұтқындар мен бейбіт тұрғындарды жаппай жою орындарының бірі. Лагерь 1941 жылғы қыркүйекте қазіргі Брест облысы Баранович ауданы аумағында, теміржол желісіне жақын орманды жерде құрылған. Бастапқыда ол кеңестік әскери тұтқындарға арналған лагерь ретінде ұйымдастырылды. Лагерь құрылымы екі бөлімнен тұрды: негізгі және карантиндік аймақ. Ол қатаң күзетпен қоршалып, әскери-инженерлік қорғаныс нысандарымен жабдықталды. Лагерьде мыңдаған тұтқындар өте ауыр жағдайда ұсталды: тұрғын бaрактардың жетіспеушілігі, аштық, ауыр еңбек және санитарлық талаптардың сақталмауы жаппай өлімге әкелді. Әсіресе 1941–1942 жылдардағы қыс мезгілінде тұтқындардың көпшілігі ашық аспан астында қалған. Нацистік әкімшілік лагерьде қатыгез, террористік режим орнатып, жүйелі түрде жазалау шараларын жүргізді. Әскери тұтқындарды жаппай ату, дарға асу және жазалаушы акциялар кеңінен қолданылды. 1942 жылы тұтқындардың коллаборационистік бөлімдерге қосылудан бас тартуына байланысты жаппай қырып-жою орын алды. 1943 жылдың соңына қарай әскери тұтқындар басқа лагерьлерге көшіріліп, олардың орнына майдан шебінен күштеп эвакуацияланған бейбіт тұрғындар әкелінді. Лагерь мен оның бөлімшелерінде жалпы саны 88 мыңнан астам адам қаза тапты.



Сурет 3 – Фото Беларусь энцоклопедиясы. 15.02.2024 ж. ақпартынан алынды. https://belarusenc.by/temy/belarusinsecwar/2876/ «На территори Леснянского сельсовета в радиусе лагеря военнопленных №337 до 5 км. В годы Великой отчественной войны немецско-фашисткими захватчиками зверски-замучено и заживо погребено 88 407 военнопленных, партизан и мирных советских граждан»

[Figure 3 — Photo from the Belarusian Encyclopedia. Retrieved from the information dated 15 February 2024. https://belarusenc.by/temy/belarusinsecwar/2876/ "On the territory of the Lesnyansky rural council, within a radius of up to 5 km from Prisoner-of-War Camp No. 337, during the Great Patriotic War the German fascist invaders brutally tortured to death and buried alive 88,407 prisoners of war, partisans, and peaceful Soviet civilians"]


Personalkarte I: Personelle Angaben
Kriegsgefangenen- Stammlager:
Beschriftung der Erkennungsmarke
Nr. 3244
Lager: 324
Name: Abdrachmanow
Vorname: Ajtbaj
Geburtstag und -ort: 1916 г. Karaganda
Religion:
Vorname des Vaters:
Familienname der Mutter:
Staatsangehörigkeit:
Dienstgrad: Soldat
Truppenteil:
Zivilberuf:
Berufs-Gr.:
Matrikel Nr. (Stammrolle des Heimatstaates):
Gefangennahme (Ort u. Datum):
Ob gesund, krank, verwundet eingeliefert:
Lida
Lichtbild
3244
ABDRACHMAN
Nähere Personalbeschreibung
Grösse
Haarfarbe
Schwarz
Besondere Kennzeichen:
Keine
Fingerabdruck des rechten Zeigefingers
Name und Anschrift der zu benachrichtigenden Person in der Heimat des Kriegsgefangenen
begraben im Kgf. Friedhof
Grodno Stadt
24.3.42
+ 24 - 3 - 42
Bemerkungen:
Beschriftung der Erkennungsmarke Nr.
Lager:
Name:

Сурет 4 – РФ ҚМОА. Қ.58. Т.977521. Іс.1133 https://pamyat-naroda.ru/ Абдрахманов А. Жеке картотекасы
[Figure 4 – CAMD RF. F. 58. In. 977521. C. 1133. https://pamyat-naroda.ru/ Abdrakhmanov A., personal card index]

Абдрахманов Аитбай картотекасында 1916 жылы Қарағандыда туған. Ұлты КСРО, қазақ, дәрежесі: солдат деп көрсетілген. Ол Лида қаласында тұтқынға түсіп, Шталаг 324 лагерьіне жіберілген. Картотека мәліметтері бойынша, Абдрахманов Аитбай 1942 жылғы 24 наурызда лагерьде қайтыс болған. Тұтқынның физикалық сипаттары бойынша шашы қара түсті, бойы мен басқа антропологиялық мәліметтері картотекада тіркелген. Оның фотосуреті архивтік құжатта сақталған, бұл тарихи зерттеулерде маңызды дерек ретінде қарастырылады. Туған-туыстарына хабарлау үшін көрсетілген мекенжай белгісіз, бұл кезеңдегі тұтқындардың отбасыларымен байланысының қиындығын көрсетеді. Абдрахманов Аитбай Грондо жерленген, бұл Шталаг 324 лагерьінің ресми жерлеу аймағы болуы мүмкін. Жеке картотека деректері Абдрахманов Аитбайдың тағдырын нақты қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Ол Шталаг 324 лагерьінде тұтқын болғаны және қайтыс болған күні арқылы кеңестік әскери тұтқындардың Германиядағы лагерьлердегі тағдырын зерттеуде маңызды дерек болып табылады. Фотосурет болуы архивтік материалдардың сенімділігін арттырады және жеке деректерді тарихи зерттеуде қолдануға мүмкіндік береді. Туған-туыстарымен байланыс деректері жазылмаған. Жерлеу орны (Грондо) әскери тұтқындардың жерлеу практикасын және лагерьдегі өлім статистикасын зерттеуде қосымша дерек болып табылады. Осылайша, Абдрахманов Аитбайдың картотекасы Шталаг 324 лагерьіндегі қазақстандық әскери тұтқындардың өмірі мен өлімі туралы нақты ақпарат беріп, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қазақстан азаматтарының тағдырын зерттеуде құнды дерек көзі болып табылады.

**Қорытынды**

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақстандық әскери тұтқындардың тағдырын архивтік картотекалар негізінде реконструкциялау зерттеудің маңызды мүмкіндігін көрсетеді. Жеке картотекалық мәліметтер – тұтқынның туған жылы, туған жері, ұлты, әскери дәрежесі, физикалық сипаттары, тұтқынға түсу орны мен мерзімі, лагерьдегі нөмірі, өлім күні мен жерленген жері – микротарихи деңгейде нақты деректер береді. Мысалы, Абитов Пердали Абитовичтің картотекасы арқылы оның тұтқынға түсу орны (Белосток), лагерь нөмірі (Шталаг 316), қайтыс болған күні (28.05.1942) және жерленген орны (Солтүстік казарма, Ченстохова) анықталды. Бұл дерек туған-туыстарына бұрын белгісіз болған ақпаратты береді, сонымен

қатар тұтқынның қай жерде қаза тапқанын ғылыми дәлелдермен көрсетеді. Абдельденов Ахембайдың Леснянский өлім лагерінде (Шталаг №337) болған картотекасы тұтқындардың тұрмыс-тіршілігін, физикалық жағдайын, антропологиялық сипаттарын, сондай-ақ қайтыс болу себептерін талдауға мүмкіндік береді. Бірақ, картотекаларда өлім себептері көбіне жалпылама түрде («тұтқында қайтыс болды» және соған ұқсас жазбалар) берілген немесе мүлде нақтыланбаған. Бұл – лагерьлік есеп жүргізудің формальды сипатын және тұтқындардың жаппай қырылу жағдайында нақты медициналық немесе құқықтық тіркеудің жүргізілмегенін аңғартады. Өлімнің нақты себептерінің (аштық, жұқпалы аурулар, ауыр еңбек, азаптау, ату және т.б.) көрсетілмеуі деректің ақпараттық шектеулігін айқындайды және зерттеуші тарапынан қосымша салыстырмалы және контекстуалдық талдауды қажет етеді. Абдрахманов Аитбайдың Шталаг 324 лагерьінде қайтыс болған картотекасы да тұтқындардың өмірі мен өлімі туралы деректерді нақтылайды: фотосуреттер, антропологиялық сипаттамалар, жерлеу орны (Грондо) – бұл кеңестік әскери тұтқындардың Германиядағы концлагерьлердегі тағдырын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Осылайша, архивтік картотекалар қазақстандық әскери тұтқындардың тағдырын деректік тұрғыдан толық, жан-жақты және микротарихи деңгейде зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл деректер қазақстандық тарихи жадты жаңғыртып, тұтқындар мәселесін гуманитарлық, әлеуметтік және әскери тарих контексінде кешенді қарастыруға жағдай жасайды.

**Sources**

CAMD RF — Central Archive of the Ministry of Defence of the Russian Federation

**Дереккөз**

РФ ҚМОМ — Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағаты

**References**

Abishev, 1958 — *Abishev G.A.* Kazakhstan v Velikoy Otechestvennoy Voyne [Kazakhstan in the Great Patriotic War]. Alma-Ata: 1958. 346 p. (In Russ.).

Aldazhumanov,2017 — *Aldazhumanov K.S.* Tutқundagy qazaq zhauyngerleri. Zhas qazaq. №20 (644) 19 mamyr 2017. 11 b. (In Kaz.).

Ayagan, 2005 — *Ayagan B.* Krasnye i chernye [Red and Black]: materialy Guverovskogo arhiva [Materials of the Hoover Archive]. Almaty, 2005. 240 p. (In Russ.).

Bekenov, 2007 — *Bekenov S.* Qazaq tutqyny [The Kazakh Prisoner] / Ed. by B. Ayagan. Almaty: Qazaq enciklopedijasy, 2007. 256 p. (In Kaz.).

Chilikova, 2017 — *Chilikova E.* Voennopelnnye-kazahstancy: proekt arhiva Prezidenta RK. [Soldiers of Kazakhstan: project of the archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. Akparattyk zhane gylymi praktikalyk magazine. Archives of Kazakhstan.Aqparattyq zhane gylymi praktikalyq zhurnal. Arhivy Kazahstana. 2 (42) 2017. Pp. 5-9. (In Russ.).

Datner, 1963 — *Datner SH.* Prestupleniya nemecko-fashistskogo Vermahta v otnoshenii voennoplennyh vo Vtoroj Mirovoj vojne [Crimes of the Nazi Wehrmacht against prisoners of war in World War II] / Transl. from Polish Ya.O. Nemchinsky; Introd. by S. K. Timoshenko; ed. by D. S. Kareva. M.: Izd-vo inostr. lit-ry, 1963. 486 p. // Datner, S. Zbrodnie Wehrmachtu na jeńcach wojennych w II wojnie światowej, Warszawa, 1961. (In Russ.).

Filipov,2016 — *Filipov K.* Den'gi koncentracionnyh lagerej Tret'ego Rejha. [Money from the concentration camps of the Third Reich.] Bankaўski vesnik, STUDZEN' 2016. C. 62-67. URL: https://www.nbrb.by/bv/pdf/articles/10226.pdf

Mendikulova, Gabdullina, 2020 — *Mendikulova G. M., Gabdullina A. Z.* Historiography and sources of the problem of the Soviet prisoners-of-war of Kazakh ethnicity in the Second World War. *Vestnik KazNU.* Serija istoricheskaja. 2020. № 80(1). Pp. 10–18. URL: https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/view/683

Mendikulova i dr., 2018 — *Mendikulova G.M., Nadezhuk E.A., Akataeva A.A., Gabdullina A.Zh., Baytasova G. (comp.).* Kazakhi vo Vtoroy mirovoy voyne: dokumenty iz zarubezhnykh arkhivov [Kazakhs in the Second World War: Documents from Foreign Archives]. Vol. 1. Almaty: Satbayev University, 2018. 383 p. (In Russ.).

Mendikulova i dr., 2020 — *Mendikulova G.M., Nadezhuk E.A., Akataeva A.A., Tumabaev T.S., Abdigaparova G. (comp.).* Kazakhi vo Vtoroy mirovoy voyne: dokumenty iz zarubezhnykh arkhivov [Kazakhs in the Second World War: Documents from Foreign Archives]. Vol. 2. Almaty: Satbayev University, 2020. 353 p. (In Russ.).

Krivosheev, 2025 — *Krivosheev G.F.* Velikaya Otechestvennaya bez grifa sekretnosti. Kniga poter' [The Great Patriotic War without the "Secret" Classification. The Book of Losses]. Moscow, 2025. 384 p. (In Russ.).

Qara, 2011 — *Qara A.* Turkistan legionynyn aqiqaty: svastika men qyzyl zhuldiz arasyndaġy zhantalas [The Truth about the Turkestan Legion: The Struggle between the Swastika and the Red Star]. Turkistan, 2011. (In Kaz.).

Ob ubijstve nemcami sovetskih voennoplennyh, 1948 — *Ob ubijstve nemcami sovetskih voennoplennyh* v kreposti Demblin (Ivan-Gorod) i v nekotoryh drugih nemeckih lageryah na territorii Pol'shi: Dok. i fotosnimki [On the murder of Soviet prisoners of war by the Germans in the fortress of Demblin (Ivan-Gorod) and in some other German camps on the territory of Poland: Documents and photographs] / Chrezvychajnaya Gosudarstvennaya Komissiya po ustanovleniyu i rassledovaniyu zlodeyanij nemecko-fashistskih zahvatchikov i ih soobshchnikov. Moscow: OGIZ; Gospolitizdat, 1948. 46 p. (In Russ.).

«Pamyat naroda» elektrondy resurs: URL: https://pamyat-naroda.ru/

Polyan, 2002 — *Polyan P.M.* Zhertvy dvuh diktatur: Zhizn', trud, unizhenija i smert' sovetskih voennoplennyh i ostarbajterov na chuzhbine i na rodine. [Victims of two dictatorships: Life, work, humiliation and death of Soviet prisoners of war and Ostarbeiters in foreign lands and at home.] 2-e izd., pererab. i dop. M.: Rossijskaja politicheskaja jenciklopedija (ROSSPJeN), 2002. 896 p. (In Russ.).

Sadykova, 2002 — *Sadykova B.I.* Istoriya Turkestanskogo legiona v dokumentah [Elektronnyj resurs] [History of the Turkestan Legion in Documents] / B.I. Sadykova. Almaty: Kajnar, 2002. 248 p. (In Russ.).

Sayasi qugyn-sürgin qurbandaryn tolyq aqtau jonindegi Memlekettik komissiyanıñ materialdary (XX gasyrdyn 20–50 jıldary) = *Materialy Gosudarstvennoj komissii po polnoj reabilitacii zhertv politicheskih repressij (20–50 gody XX veka)*. Tom 8. Voennoplennye–kazahstancy Vtoroj Mirovoj vojny. Sbornik dokumentov i materialov [Materials of the State Commission for the Full Rehabilitation of Victims of Political Repressions (1920–1950s). Vol. 8. Prisoners of War–Kazakhstanis of the Second World War. Collection of Documents and Materials] / Ed.-in-Chief E.T. Karin. Astana, 2022. 200 p. (In Russ.; In Kaz.).

Sayasi qugyn-surgin qurbandaryn tolyq aqtau jonindegi Memlekettik komissiyanın materialdary (XX gasyrdyn 20–50 jıldary) = *Materialy Gosudarstvennoj komissii po polnoj reabilitacii zhertv politicheskih repressij (20–50 gody XX veka)*. T. 9: Voennoplennye-kazahstancy Vtoroj mirovoj vojny. Akmolinskaya oblast'. Sbornik dokumentov i materialov [Materials of the State Commission for the Full Rehabilitation of Victims of Political Repressions (1920–1950s). Vol. 9: Prisoners of War–Kazakhstanis of the Second World War. Akmola Region. Collection of Documents and Materials] / Sostaviteli toma: Kokebaeva G.K., Aldazhumanov K.Sh., Asylov N.T., Dzhaparov B.A., Batov E.B., Makipov A.S.; Ed.-in-Chief E.T. Karin. Astana, 2022. 632 p. (In Russ.; In Kaz.).

Sayasi qugyn-surgin qurbandaryn tolyq aqtau jonindegi Memlekettik komissiyanıñ materialdary (XX gasyrdyn 20–50 jıldary) = *Materialy Gosudarstvennoj komissii po polnoj reabilitacii zhertv politicheskih repressij (20–50 gody XX veka)*. T. 10: Voennoplennye–kazahstancy Vtoroj mirovoj vojny. Severo-Kazahstanskaya oblast'. Sbornik dokumentov i materialov [Materials of the State Commission for the Full Rehabilitation of Victims of Political Repressions (1920–1950s). Vol. 10: Prisoners of War–Kazakhstanis of the Second World War. North Kazakhstan Region. Collection of Documents and Materials] / Ed.-in-Chief E.T. Karin. Astana, 2022. 648 p. (In Russ.; In Kaz.).

Sovetskie voennoplennye, 2021 — *Sovetskie voennoplennye* vo Vremja Vtoroj mirovoj vojny na pol'skih zemljah. [Soviet prisoners of war during World War II on Polish lands] sb.st. Acad. ed. Ja.Vojtkovjak, transl. by M.A.Krisan'. Saint Petersburg: Aletejja, 2021. 196 p. (In Russ.).

Shtrait, 2009 — *Shtrait K.* Oni nam ne tovarishchi. Vermaht i sovetskie voennoplennye v 1941–1945 gg. [They Are Not Our Comrades. The Wehrmacht and Soviet Prisoners of War in 1941–1945]. M.: Russkoe istoricheskoe obshchestvo; Russkaya panorama, 2009. 480 p. (In Russ.).

**Әдебиеттер тізімі**

Абишев, 1958 — *Абишев Г.А.* Казахстан в Великой Отечественной войне. Алма-Ата, 1958. 346 с.

Алдажұманов, 2017 – *Алдажуманов К.С.* Тұтқындағы қазақ жауынгерлері. Жас қазақ. № 20 (644) 19 мамыр 2017. 11 б.

Аяган, 2005 — *Аяган Б.* Красные и черные [Текст]: материалы Гуверовского архива / Б. Аяган, 2005. 240 с.

Бекенов, 2007 — *Бекенов С.* Қазақ тұтқыны / Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007. 256 б.

Датнер,1963 — *Датнер Ш.* Преступления немецко-фашистского Вермахта в отношении военнопленных во Второй Мировой войне / Пер. с польского Я. О. Немчинского; Вступит. статья С. К. Тимошенко; Под ред. Д. С. Карева. – М.: Изд-во иностр. лит-ры, 1963. 486 с /// Datner, S. Zbrodnie Wehrmachtu na jeńcach wojennych w II wojnie światowej, Warszawa, 1961.

Филипов,2016 — *Филипов К.* Деньги концентрационных лагерей Третьего Рейха. Банкаўскі веснік, СТУДЗЕНЬ 2016. С. 62-67. URL: https://www.nbrb.by/bv/pdf/articles/10226.pdf

Mendikulova, Gabdullina, 2020 — *Mendikulova G. M., Gabdullina A. Z.* Historiography and sources of the problem of the Soviet prisoners-of-war of Kazakh ethnicity in the Second World War. *Vestnik KazNU.* Serija istoricheskaja. 2020. № 80(1). Pp. 10–18. URL: https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/view/683

Казахи во Второй мировой войне, 2018 — *Казахи во Второй мировой войне:* документы из зарубежных архивов: сб. док-тов. Т.1. / сост. Г.М. Мендикулова, Е.А. Надежук, А.А. Акатаева, А.Ж. Габдуллина, Г. Байтасова. Алматы: Satbayev University, 2018. 383 с.

Казахи во Второй мировой войне,2020 — *Казахи во Второй мировой войне:* документы из зарубежных архивов: сб. док-тов. Т.2 / Сост. Г.М. Мендикулова, Е.А. Надежук, А.А. Акатаева, Т.С. Тумабаев, Г. Абдигапарова. Алматы: Satbayev University, 2020. 353 с.

Кривошеев, 2025 — *Кривошеев Г.Ф.* Великая Отечественная без грифа секретности. Книга потерь. М. 2025. 384 с.

Қара, 2011 — *Қара А.* Түркістан легионның ақиқаты: свастика мен қызыл жұлдыз арасындағы жанталас. Түркістан, 2011.

Об убийстве немцами советских военнопленных, 1948 — *Об убийстве немцами советских военнопленных* в крепости Демблин (Иван-Город) и в некоторых других немецких лагерях на территории Польши: Док. и фотоснимки / Чрезвычайная Государственная Комиссия по установлению и расследованию злодеяний немецко-фашистских захватчиков и их сообщников. [М.]: ОГИЗ; Госполитиздат, 1948. 46 с.

«Память народа» электронды ресурсы. URL: https://pamyat-naroda.ru/

Полян, 2002 — *Полян П. М.* Жертвы двух диктатур: Жизнь, труд, унижения и смерть советских военнопленных и остарбайтеров на чужбине и на родине. — 2-е изд., перераб. и доп. — М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2002. 896 с.

Садыкова, 2002 — *Садыкова Б.И.* История Туркестанского легиона в документах [Электронный ресурс] / Б.И. Садыкова. Алматы: Кайнар, 2002. 248 с.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары, 2022 — *Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (ХХ ғасырдың 20-50 жылдары)* = Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы ХХ века). Том 8. Военнопленные–казахстанцы Второй Мировой войны. Сборник документов и материалов / Под общ. ред. Е.Т. Карина. Астана, 2022. 200 с.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары, 2022 — *Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары* (ХХ ғасырдың 20–50 жылдары) = Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20–50 годы ХХ века). Т. 9: Военнопленные-казахстанцы Второй мировой войны. Акмолинская область. Сборник документов и материалов / Составители тома: Кокебаева Г.К., Алдажуманов К.Ш., Асылов Н.Т., Джапаров Б.А., Батов Е.Б., Макипов А.С.; под общ. ред. Е.Т. Карина. Астана, 2022. 632 с.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары, 2022 — *Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (ХХ ғасырдың 20-50 жылдары)* = Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы ХХ века). Том 10. Военнопленные – казахстанцы Второй мировой войны. Северо-Казахстанская область. Сборник документов и материалов / Под общ. ред. Е.Т. Карина. Астана, 2022. 648 с.

Советские военнопленные, 2021 — *Советские военнопленные* во Время Второй мировой войны на польских землях: сб.ст / науч.ред. Я. Войтковяк, пер. М.А. Крисань. СПб.: Алетейя, 2021. 196 с.

Штрайт, 2009 — *Штрайт К.* Они нам не товарищи. Вермахт и советские военнопленные в 1941-1945 гг. М.: Русское историческое общество; Русская панорама, 2009. 480 с.

Чиликова, 2017 — *Чиликова Е.* Военнопелнные-казахстанцы: проект архива Президента РК. Ақпараттық және ғылыми практикалық журнал. Архивы Казахстана. 2 (42) 2017. С. 5-9.

# CONTENTS

## HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

**Abdimomynov N.T., Ospanova A.O., Djumashev A.** FROM IDEOLOGY TO EMPIRICAL SYNTHESIS: THE EVOLUTION OF THE SOVIET RUSSIAN HISTORIOGRAPHY ON THE POLITICAL ECONOMY OF THE GOLDEN HORDE) ……..........7
**Kalfa M., Kozhakhan Zh., Beysegulova A.** THE HISTORY OF RESEARCH ON THE LEATHER-PROCESSING CRAFT OF THE KAZAKH PEOPLE……..........23
**Temirkhanov B., Mutaliyev M., Karakulak M.** THE IMAGE OF KHOJA AHMET YASSAWI IN THE "KAZAKH" NEWSPAPER…………..........36

## HISTORY

**Aldazhumanov K.S., Sandybayeva D.M., Abuov N.A.** KAZAKHSTANIS IN CAPTIVITY, THE PARTISAN MOVEMENT, AND THE EUROPEAN RESISTANCE…………..........46
**Barın E., Satayeva B.** THE CONSTRUCTIVE ROLE OF CULTURE AND LANGUAGE IN HISTORICAL DISCOURSE…………..........62
**Bulanov E., Tumabayev T., Safarov R.** THE BASMACHI MOVEMENT IN CENTRAL ASIA: HISTORICAL ORIGINS AND REGIONAL PECULIARITIES…………..........79
**Zholdassuly T., Madelkhanova M.** THE "KOSHCHI" UNION AND ITS ACTIVITIES IN THE KYZYLORDA REGION: A STUDY BASED ON ARCHIVAL MATERIALS (1920–1929)..........95
**Kasymbekova M.A., Vecihi S.F.H.** SOCIAL PREREQUISITES FOR THE EMERGENCE AND DEVELOPMENT OF SUFI ORDERS IN CENTRAL ASIA..........111
**Kokebayeva G.K., Bissembaiuly M.** FORCED MIGRATION AND ETHNIC POLICY IN WESTERN BELARUS AND WESTERN UKRAINE IN THE 1940s……..........125
**Kuanbay O.B., Apendiyev T.A., Ushkurbayeva A.E.** DEMOGRAPHIC DYNAMICS OF TAJIKISTAN: FERTILITY, MORTALITY, TRENDS AND FORECASTS (1990–2023)..........139
**Malikova S.Z., Tashagil A., Issakayeva A.M.** AUL BAIS: THE POLICY OF CONFISCATION AND DEPORTATION CONDUCTED IN THE BULAEV DISTRICT……..........155
**Muhametkhanuli N., Kurbanali Zh.** POLITICAL RELATIONS BETWEEN THE HAN DYNASTY AND THE XIONGNU AND THEIR INFLUENCE ON NOMADIC CIVILIZATION……..........169
**Mukhatova O.Kh., Seffat D.** KAZAKH – RUSSIAN DIPLOMATIC RELATIONS OF THE LATE 17TH – EARLY 18TH CENTURIES ……..........182
**Myrzabekova R., Zhakupova G., Rakhmonkulova Z.** FORCED LABOR SYSTEM IN THE TERRITORY OF THE KAZAKH SSR ON THE EXAMPLE OF JAPANESE PRISONERS OF WAR (1946–1956)……..........195
**Nurpeissova E., Baydaly R., Abil Ye.** SOCIO-POLITICAL ACTIVITY OF ELDES OMAROV DURING THE YEARS OF CIVIL CONFRONTATION (1917–1919)…..........211
**Sarsembayeva G.A., Zhailaubayeva A.N., Ualtayeva A.** SOCIO–DEMOGRAPHIC PROCESSES IN THE CITIES OF EAST KAZAKHSTAN IN THE 90s OF THE XXth CENTURY (BASED ON THE EXAMPLE OF UST–KAMENOGORSK AND SEMIPALATINSK)..........225
**Sissenbayeva A., Kalybekova M.Ch., Abuov N.A.** KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN NAZI CONCENTRATION CAMPS DURING THE SECOND WORLD WAR: POSSIBILITIES FOR RECONSTRUCTING INDIVIDUAL FATES ON THE BASIS OF ARCHIVAL CARD FILES..........241
**Teleuova E.T., Zhumadil A.K.** THE FORMATION PATTERNS OF A HYBRID LEGAL MODEL IN THE 19TH CENTURY KAZAKH STEPPE……..........256

## ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

**Assylbekova N., Kistaubayeva A., Dospanov O.** KAZAKH ETHNOGRAPHIC COLLECTIONS OF THE KUNSTKAMERA: A MUSEOLOGICAL ANALYSIS……..........270
**Musabayev K., Sizdikov B., Maldybek A.** THE LOCALIZATION OF THE MEDIEVAL CITY OF SURI: BASED ON WRITTEN AND ARCHAEOLOGICAL SOURCES……..........282

# МАЗМҰНЫ

## ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

**Абдимомынов Н.Т., Оспанова А.А., Жумашев А.М.** ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ДОГМАЛАРДАН ЭМПИРИКАЛЫҚ СИНТЕЗГЕ: АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ ЭКОНОМИЯСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ КЕҢЕСТІК ТАРИХНАМАНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ……………………………………………………………………………………..................................7
**Калфа М., Қожахан Ж., Бейсегулова А.** ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТЕРІ ӨҢДЕУ КӘСІБІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ………………………………………………………................................................................................23
**Темирханов Б., Муталиев М., Каракулак М.** ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ БЕЙНЕСІНІҢ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ………………………………........................................................................................36

## ТАРИХ

**Алдажұманов Қ.С., Сандыбаева Д.М., Абуов Н.А.** ТҰТҚЫНҒА ТҮСКЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР, ПАРТИЗАН ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ҚАРСЫЛАСУ ҚОЗҒАЛЫСЫ…………………………………………….....46
**Барын Е., Сатаева Б.** ТАРИХИ ДИСКУРСТАҒЫ МӘДЕНИЕТ ПЕН ТІЛДІҢ КОНСТРУКТИВТІК ҚЫЗМЕТІ……………………………………………………………………………………………………..62
**Бұланов Е.О., Тұмабаев Т.С., Сафаров Р.И.** ОРТА АЗИЯДАҒЫ БАСМАШЫЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫ: ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ МЕН АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ………………...........................................................................79
**Жолдасұлы Т., Маделханова М.** «ҚОСШЫ» ОДАҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ӨҢІРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ: АРХИВТІК МАТЕРИАЛДАР БОЙЫНША ЗЕРТТЕУ (1920–1929 жж.)…...................................................................95
**Касымбекова М.Ә., Вежихи С.Ф.Х.** ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА СОПЫЛЫҚ ТАРИҚАТТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК АЛҒЫШАРТТАРЫ………………...............................................................................111
**Көкебаева Г.К., Бисембайұлы М.** 1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАТЫС БЕЛАРУСЬ ПЕН БАТЫС УКРАИНАДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ МИГРАЦИЯ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ САЯСАТ………………...........................................................125
**Қуанбай О.Б., Әпендиев Т.Ә., Ушкурбаева А.Е.** ТӘЖІКСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДИНАМИКАСЫ: ТУЫЛУ МЕН ӨЛІМ-ЖІТІМ КӨРСЕТКІШІ, ТЕНДЕНЦИЯЛАР ЖӘНЕ БОЛЖАМДАР (1990–2023)…………..139
**Маликова С.З., Ташағыл А., Исакаева А.М.** АУЫЛ БАЙЛАРЫ: БУЛАЕВ АУДАНЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ТӘРКІЛЕУ ЖӘНЕ ЖЕР АУДАРУ САЯСАТЫ……..........................................................................................155
**Мұқаметханұлы Н., Құрбанәлі Ж.** ХАНЬ ДИНАСТИЯСЫ МЕН ҒҰНДАРДЫҢ САЯСИ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР ӨРКЕНИЕТІНЕ ЫҚПАЛЫ……………….......................................................169
**Мұхатова О.Х., Сеффат Д.** XVII Ғ. СОҢЫ – XVIII Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ОРЫС ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ…………………………………...………………………………........................182
**Мырзабекова Р., Жакупова Г., Байхоразова З.** ҚАЗАҚ КСР ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ ЕҢБЕК ЖҮЙЕСІ ЖАПОН СОҒЫС ТҰТҚЫНДАРЫ МЫСАЛЫНДА (1946–1956)……………………………………......195
**Нурпеисова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Әбіл Е.А.** ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚАРСЫЛАСУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ (1917–1919 жж.)…..............................................................211
**Сарсембаева Г.А., Жайлаубаева А.Н., Уалтаева А.С.** XX ҒАСЫРДЫҢ 90–ы ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК–ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР (ӨСКЕМЕН МЕН СЕМЕЙ МЫСАЛЫНДА)………………………………………………………..............................................225
**Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., Абуов Н.А.** ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КОНЦЛАГЕРЬЛЕРДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘСКЕРИ ТҰТҚЫНДАР: АРХИВТІК КАРТОТЕКАЛАР НЕГІЗІНДЕ ОЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЛАРЫН ҚАЙТА ҚАРАУ МҮМКІНДІКТЕРІ……………….............................................241
**Телеуова Э.Т., Жұмаділ А.Қ.** XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ГИБРИДТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҮЛГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ……………………………………………………………………........256

## ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

**Асылбекова Н., Кистаубаева А., Доспанов О.** КУНСТКАМЕРАДАҒЫ ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫ: МУЗЕЙТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ………………..………………….….....................................270
**Мұсабаев Қ., Сиздиков Б., Малдыбек А.** ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СУРИ ҚАЛАСЫНЫҢ ЛОКАЛИЗАЦИЯСЫ: ЖАЗБА ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ……………………..……..........................................282

## СОДЕРЖАНИЕ
## ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

**Абдимомынов Н.Т., Оспанова А.А., Жумашев А.М.** «ОТ ИДЕОЛОГИЧЕСКИХ ДОГМ К ЭМПИРИЧЕСКОМУ СИНТЕЗУ: ЭВОЛЮЦИЯ СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ПОЛИТЭКОНОМИИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ…………...7
**Калфа М., Кожахан Ж., Бейсегулова А.** ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ КОЖЕВЕННОГО РЕМЕСЛА КАЗАХСКОГО НАРОДА………………………………………………………..………………..........23
**Темирханов Б., Муталиев М., Каракулак М.** ОБРАЗ ХОДЖИ АХМЕДА ЯСАВИ В ГАЗЕТЕ «КАЗАХ»………36

## ИСТОРИЯ

**Алдажуманов К.С., Сандыбаева Д.М., Абуов Н.А.** КАЗАХСТАНЦЫ В ПЛЕНУ, ПАРТИЗАНСКОМ ДВИЖЕНИИ И ЕВРОПЕЙСКОМ СОПРОТИВЛЕНИИ……………………………………..…......................46
**Барын Е., Сатаева Б.** КУЛЬТУРА И ЯЗЫК КАК КОНСТРУКТИВНЫЕ ФАКТОРЫ ИСТОРИЧЕСКОГО ДИСКУРСА…………………………………………………………………………………….......................62
**Буланов Е.О., Тумабаев Т.С., Сафаров Р.И.** БАСМАЧЕСКОЕ ДВИЖЕНИЕ В СРЕДНЕЙ АЗИИ: ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОКИ И РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ……..……………………….............79
**Жолдасулы Т., Маделханова М.** СОЮЗ «КОШЧИ» И ЕГО ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КЫЗЫЛОРДИНСКОМ РЕГИОНЕ: ИССЛЕДОВАНИЕ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ (1920–1929 гг.)..................................95
**Касимбекова М.А., Вежихи С.Ф.Х.** СОЦИАЛЬНЫЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И РАЗВИТИЯ СУФИЙСКИХ ОРДЕНОВ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ………...........................................................................111
**Кокебаева Г.К., Бисембайулы М.** ВЫНУЖДЕННАЯ МИГРАЦИЯ И ЭТНИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА В ЗАПАДНОЙ БЕЛАРУСИ И ЗАПАДНОЙ УКРАИНЕ В 1940-х ГОДАХ……........................................................125
**Қуанбай О.Б., Апендиев Т.А,, Ушкурбаева А.Е.** ДЕМОГРАФИЧЕСКАЯ ДИНАМИКА ТАДЖИКИСТАНА: РОЖДАЕМОСТЬ, СМЕРТНОСТЬ, ТЕНДЕНЦИИ И ПРОГНОЗЫ (1990–2023 ГГ.)...........................................139
**Маликова С.З., Ташагыл А., Исакаева А.М.** АУЛЬНЫЕ БАИ: ПОЛИТИКА КОНФИСКАЦИИ И ВЫСЕЛЕНИЕ ПРОВЕДЕННАЯ В БУЛАЕВСКОМ РАЙОНЕ……..………………….…………….………………..............155
**Мукаметханулы Н., Құрбанали Ж.** ПОЛИТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ ДИНАСТИИ ХАНЬ И ХУННУ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА ЦИВИЛИЗАЦИЮ КОЧЕВНИКОВ…………………..………………………………………......169
**Мухатова О.Х., Сеффат Д.** КАЗАХСКО – РУССКИЕ ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ КОНЦА XVII – НАЧАЛА XVIII ВВ……………………………………………………………………………...……182
**Мырзабекова Р., Жакупова Г., Рахмонкулова З.** СИСТЕМА ПРИНУДИТЕЛЬНОГО ТРУДА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСКОЙ ССР НА ПРИМЕРЕ ЯПОНСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ (1946–1956 гг.)…………….…..............195
**Нурпеисова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Абиль Е.А.** ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЕЛДЕСА ОМАРОВА В ГОДЫ ГРАЖДАНСКОГО ПРОТИВОСТОЯНИЯ (1917–1919 гг.)...................................................211
**Сарсембаева Г.А., Жайлаубаева А.Н., Уалтаева А.С.** СОЦИАЛЬНО–ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В ГОРОДАХ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В 90–е ГОДЫ XX ВЕКА (НА ПРИМЕРЕ УСТЬ–КАМЕНОГОРСКА И СЕМИПАЛАТИНСКА)…………………………………………………………………............................225
**Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., Абуов Н.А.** ВОЕННОПЛЕННЫЕ-КАЗАХСТАНЦЫ В КОНЦЛАГЕРЯХ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ: ВОЗМОЖНОСТИ РЕКОНСТРУКЦИИ СУДЕБ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ КАРТОТЕК…….……………………………………………………………………………………….……...241
**Телеуова Э.Т., Жумадил А.К.** ЗАКОНОМЕРНОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГИБРИДНОЙ ПРАВОВОЙ МОДЕЛИ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В XIX ВЕКЕ….........................................................................................................256

## ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

**Асылбекова Н., Кистаубаева А., Доспанов О.** КАЗАХСКИЕ ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ КОЛЛЕКЦИИ КУНСТКАМЕРЫ: МУЗЕЕВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ……………...……………………………….…............270
**Мусабаев К., Сиздиков Б., Малдыбек А.** ЛОКАЛИЗАЦИЯ СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДА СУРИ: НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ И АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ СВИДЕТЕЛЬСТВ……......................................................................282

**ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”**
2026. 13 (1)
*Бас редактор:*
Қабылдинов З.Е.

*Компьютерде беттеген:*
Копеева С.Ж.

*Құрылтайшысы және баспагері:*
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: https://ajspiie.com

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй